

Ұлттық идеяның тайқазаны

«Түркістан» халықаралық газетіне – 20 жыл

Қазақ баспасөзінің қарымды қаламгерлерін топтастырған халықаралық «Түркістан» газетінің шыға бастағанына міне, биыл 20 жыл толыты. Беделді басылым осы уақыт аралығында қазақтың ұлттық мәселелерін, қоғамның өзекті жайлытарын көтеріп, тәуелсіздігіміздің нығайуына атсалысып, ұлтымыздың жарқын боташағының баянды болуына аянбай тер төгіп келеді.



А. ДАСПЫНАР



«Түркістан» халықаралық газеті сонау 1994 жылдан бүгінгі күнге дейін аралықта тарихи калыптасудың жолдарынан өтіп, журналистика кеңістігінде өзіндік орнын таба білген белді басшылардың біріне айналғандығы – оның қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік және саяси құбылыстарды жанжақты саралтап, оқырманына ұтымды жеткізе білуімен өлшенсе керекті.

Ханұлы, Жаңабек Шағатай, белгілі журналист Көлбай Адырбекұлы, Тынышбек Дайрабай, Есенгүл Кәңкізы, Тансұлу Алдабергекқызы, Губиғаш Омарова, Нәзия Жоймергенқызы, Гүлзина Бектасова, Динара Мыңжасарқызы, Ақниет Оспанбай сынды бір шоғыр әріптестер ел ішіндегі және жер жүзіндегі оқиға-құбылыстарға серектікпен қарап, дер кезінде сүбелі мақалалар жазып, жемісті еңбектер атқаруда.

Бүгінде басылым еліміздегі көңіл қуантарлық жетістіктермен қатар, түйкілі мәселелерді де дер кезінде қозғап, билік органдары тарапынан оң шешімін табуға барынша ықпалдасып келеді. Мәселен, газеттің өткен сандарында алыс-жақын шет елдердегі қандастарымызды ата-жұртына оралту мәселесі жиі талқыланды. Және бұл нәтижесіз қалмаған сияқты. Күні кеше ғана Ұкіметтен қазақ көшінің қайта жанданатындығы туралы сүйінші хабар тарайды. Сонымен қатар, басылым әлемдегі болып жатқан саяси оқиға мен көріністерін себеп-салдарын салмақтап сараптамалық тұрғыдан тартымды жаса береді.

Ен бастысы, «Түркістан» газетінің тіл, діл, салт-дәстүр, тарих, мәдениет сынды ұлттық құндылықтарымызды тереннен қаулап, қазақтілді оқырманының сана сезіміне, іс-әрекетіне әсер ете отырып, олардың көзқарастары мен максатарының қалыптасуына, өзіндік пайымдаулар жасап, ой түйюне зор ықпал ете білгендігін ерекше айтуға болады. Сондықтан зиялы қауым, ғалымдар, өнер қызметкерлері және лауазымды тұлғалардың азаматтық үнін халыққа ұдайы жеткізіп отыратын, «Түркістан» газетінің ұжымын 20 жылдық мерейтойымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!

«Президент және Халық» газеті

Павлодарда қазақтың әйгілі актері, режиссер, Қазақстанның халық әртісі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шәкәт Аймауытовтың 100 жылдығына арналған кино апталығы ашылды.

Қазақ киносының атасы

21-25-сәуір аралығында керекуліктер «Тақиялы періште», «Жамбыл», «Атамекен», «Біздің сүйікті дәрігер», «Атаманның ақыры» сынды қазақ киносының алтын қорына енген фильмдері тамашалай алды.

Апталықтың ашылу салтанатына арнайы келген Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Меруерт Өткешева, Құман Тастанбеков, «Тақиялы періште» музыкалық комедиясында қалаң көрерменнің жадында Тайлак болып қалған Әлімғазы Райымбеков атакты режиссер туралы естеліктер айтты.

Олардан өзге кино апталығы аясында Павлодарға Ш. Аймауытов атындағы «Қазақфильм» АҚ-ның президенті Ермек Аманшаев, Қазақстанның халық әртісі, КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов, ҚР-ның еңбек сіңірген қайраткері Нұржұман Ықтымбаев та Ертіс өңірінде болып қайтты.



Өткен сенбі күні Алматы қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы №12 Бектеп-гимназиясында наурыз мерекесіне арналған концерт аяқталды.

Еске алу

Рухы биік тұлға еді

Біртуар азамат, көрнекті дипломат Әуесхан Мақатайұлы Қырбасов дүниеден өткелі де қырық күннің жүзіне таяпты. Ол Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Шиен ауылында 1937 жылы 28-мамырда дүниеге келген. Жасынан рухани тазалығымен, көркем мінезімен, бойына қазақи ата-баба тегінен дарыған адамдық қасиеттерімен көзге түскен ол ақыл-парасаты биік, мемлекетіміздің көрнекті қайраткері деңгейіне көтерілген еді.

қосымша елшілікті қабыл алуға келгенімен Біатрис патшайымға грамотасын табысты. Кездесуден соң екі жақтың бір-біріне қызығушылығы алғашқы жолдары салыстырып сөзбен айтқанда Қазақстан Еуропадағы алғашқы дипломатиялық пионері Қырбасов те болады.

Әуесхан Мақатайұлының өмірі – кейінгі ұрпаққа өнеге. Елеулі еңбегімен Қазақстанның қуатты мемлекет болып қалыптасуына өзіндік үлес қосты. интеллектуалдық шпес із қалдырды.



Бельгия дипломатия тұрғыдан қарағанда орны ше елдердің қатарында, өйткені Еуропадан қалғанда орны халықаралық қорықтарға өнерлері осы жерде орнап Евроодақтың, НАТО, Д жүзілік келен ұйымы с сөзі жүздей мекемелер ұйымдар баршылық. Бұл да дүниежүзілік ең көп дипломатиялық қорықтарының бірі Әуесхан Мақатайұлы сол одақ пен НАТО-ғағы қазақ өкілдіктерінің басшысы мәттерінде жүріп Қазақстан Республикасына көп еңбек сіңірді.

Қазақ Ауылшаруашылығы институтының инженерлік-механика факультетін, КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Жоғары халықшаруашылық академиясын бітірген. 1959-1972 жылдары Алматы ауыр машина жасау зауытында инженер-жобалаушы, жобалау тобының жетекші қызметтерін атқарды.

болды. 1991 жылы Парижде өткен «Әлем байлығы» дүниежүзілік көрмесінде көрнекті қайраткер Жак Ширакпен кездесті. Француз саясаткері Қазақстан экспозициясында киіз үйге бас сұғып, қазақ дастарханына дәм татты.

1993 жылдан бастап дипломатиялық қызметке ауысқан Әуесхан Мақатайұлы Жолдары Бельгия Корольдігіне Төтенше және Өкілетті елші болды. Сол кезде енді ғана Бельгияның Королі болған Альберт II-ге сенім грамотасын тапсырды. Бұл аса бір тарихи сәт еді. Қырбасов қызметіне кіріскенде Қазақстан елшілігінің әлі өз ғимараты да жоқ болатын. Алғаш кезде қонақүйде тұруына тура келді. Содан реті келіп XIX ғасырда король-реформатор Леопольд II салғызған тарихи ескі қорғанды жарты гектар жерімен алды. Оның тарихи жәдігерлерін қалпына келтірді. Соның бір мысалы, екінші кабатқа көтерілетін баспалдақтың жанында, сүйеніп шығатын перла темірін Францияға алып кеткен жерінен қайтарып орнына қойды. Жарты жылдан кейін президентіміз Н. Ә. Назарбаев Евроодакпен келісімшарт қоюға келгенде Елбасын Қазақстан елшілігінде қарсы алып Брюссельде мемлекетіміздің елшілігін ашу рәсімі жасалды. Осы жерде ерекше айтылатыны Әуесхан Мақатайұлының Қазақстанның ұлттық мүддесін, тереннен ойлап, болашаққа рухани із қалдырғаны.

1983-1993 жылдары Әуесхан Қырбасов Қазақстан Республикасының Өндірістік Сауда Палатасының төрағасы қызметін атқарды. Сол кезде 1989 жылы Қаны қаласында (Франсияла) халықаралық сауда-саттық жәрмеңкесінде Қазақстан өнімдерін насихаттады. Жәрмеңкенің 150 мың адам көріп, жоғары бағаланды. Қонақтардың лебіз кітабында жиі қайталанған «Браво, Қазақстан» деген тіркес соның дәлелі. Бұл КСРО кезінде Әуесхан Қырбасовтың көмегімен Қазақстанды шетелге танытуын ең алғашқы қадамдарының бірі болатын.

1997 жылы Мадридте ІІІ саммиті өткенде Қазақстанның Қырбасовқа сенімі артылды. Мем басшылары Испания ІІІ мен ханшайымы қабыл Биыл Клинтон, Франция ІІІ Жак Ширак, басқа да ел басшылары болды.

Тәуелсіз Қазақстан халықаралық аренада тағына Қырбасов Әуесхан табыл айтарлықтай қосып, қуатты Қазақстан үшін ұлттының рухын і біді.

Өмірінің соңғы жылы ҚР Сыртқы істер министрі Алматы өкілдігінің басшысы болып тағайындалды. Осымен марапатталды. Алматы облысы мен Жамбыл аумағының құрметті азаматы атанды.

Әуесхан Мақатайұлы басылов – рухы биік тұлға мен жұртына адал етіп, мемлекетіміздің көмегіне өзіндік үлесін қосқан абадан қарапайым азамат. Оның есімі білетін қызы әріптестерінің, ағайын тәуелсіздігінің жадында мәңгі сақталмақ.

Бекжан МАХМЕДЖАН

Тұлға

Есімі мәңгі жадымда

(мәшһүр жазушы Кемел Тоқаев туралы сыр)

Жазушылардың қасиетті мекені жазушылар одағында қызмет ету, алтын қалам иелерін өз көзімен көріп, қолымен амандасып, олардың қолынан кітап-қазыналарын қолтаңбаларымен алу, сырласу – менің жас кезімнен асыл арманым еді. Алла тағала сәгін салып, 1980 жылы Қазақстан Жазушылар одағына ұйғыр әдебиеті бойынша кеңесші болып жұмысқа келдім.

Қазақстан Жазушылар одағы – бауырлас әдебиеттердің достық одағы екенін көріп қуандым. Қазақ, ұйғыр, орыс, неміс, кәріс қаламдстар өзара сыйластықты ту еттік.



Ұлы аға жастардың, талантты қазақ қаламгерлерінің есімдерін ерекше құрметпен атайтын. «Сол жас әдебиетшілердің де шығармаларын оқы. Өйткені Сен қазақ тілі һәм әдебиетінің маманысың ғой, – дейтін жылы шыраймен. Ол осымен өзінің де ұлы мінезін, жастарға қамқорлығын танытты.

Сол 1980-1984 жылдары көрнекті қаламгер Кемел Тоқаевпен одақта бірге қызмет істедім. Ол да әдеби кеңесші болатын. Біз бірден тіл табысып кеттік. Кемел аға шалапат шашыл жүретін жан еді. Оның асыл адамгершілігі, ақпейіл азаматтығы, жылы жүректен шыққан иман нұры маған өте ұнайтын. Біздің сыйластығымыз достыққа ұласты. Мен ұлы ағаммен бірге жұмыс істегенімді өз өмірімдегі өзгеше қуанышты кез деп есептеймін.

Жылы жүрек жазушы Кемел Тоқаев мен ұйымдастырған ұйғыр әдебиеті кеңесіне, әдеби-кештерге ылығы да қатысып жүретін. Ол ұйғыр әдебиетінің Х. Абдуллин, И. Искендеров, О. Мухаммади, Билял Назым, Қ. Хасанов, Н. Саттаров сияқты өкілдерінің шығармаларын білетінін айтқаны әлі есімде. Бір күні қысқа тері тоңының қалтасынан бір кітапты шығарып, маған ұсынды. Ашып қарасам, «Ахметжан бауырыма...» деген қолтаңбасы жазылған. Бұл кітап елді шұлатқан «Сонғы соққы» романы екен.

Мен бұл ұстазымның жазған барлық көркем шығармаларын оқи бастадым, рухани байлығым көтерілді. Оның кітаптары «Солдат соғысқа кетті», «Сонғы соққы», «Тасқыны» және жазушының ұлы Қасымжолар Тоқаевтың «Әке туралы толғанғы», «Слово об отце» кітаптары менің үйімде сақтаулы. Бұл кітаптарды ұйғыр оқырмандары қазірде оқып тұрады, шынын айтсам, осы бүгінге дейін көркем әдебиетті сүйетін ұйғыр оқырмандары, зиялы қауым Кемелді қазақтың мәшһүр, талантты қаламгері екендігін айтып жүр.

Сөйткен Кемекең де дүниеден өтіп кетті. Бірақ жазушының артында екі ізі қалды. Біріншісі – бала-шағасы, екіншісі – жазған кітаптары. Халық мұрасы кітап мәңгі жасайды. Өшпейтін із осы. Кемел Тоқаев халыққа адал қызмет ететін ардақты перзенттер тәрбиелеп, өсірді.

Жіні-жіні сырласатынбыз. Ол Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқыған екен. Мен де сонда оқыдым. Ол М. Әуезовтың лекциясынан білім алғанын айтты. Мен де ұлы ұстазымнан дәріс алғандымды айттым. Екеуіміздің пір ұстазымыз мәшһүр жазушы, ғалым М. Әуезов еді. Кемел өндіре еңбек етті. Оның шығармалары – ел қазынасы, өмірі ұлғар. Ол мен үшін аулы алтын қалам иесі болды. Мен Кемелдің ұстамы, жарқын мінезім, үлкен жүректілігі, биік адамгершілігін, табиғатынан зиялы, ерекше жазушы екенін байқадым.

«Оқы, тарихи ақиқатты жаздым! Қазақстан чекісі Махмуд Кожамиярұлының атаман Дутовтың көзін жоюды ұйымдастыруға тікелей қатысқан ақиқат әрекеті суреттеледі, – деді менің қолымды қатты қысып. «Сонғы соққы» романын оқуға кірістім... Кейін тарихты бұрмаламай ақиқатты жазған қаламдасымызбен ұйғыр жазушылары кездесу өткіздік.

Оның шығармаларынан қазақ халқының рухы үнемі ашық аңғарылып тұрады. Ең кереметі, оның бойында кейбір қаламгерлер тәрізді қызғаныш, ішарлық жоқ болатын. Ол маған шынайы ұстаз да болды.

Ахметжан АШИРИ, жазушы-драматург, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағы ұйғыр әдебиеті кеңесінің төрағасы.

Әлем біріншілігіне жолдама

Оңтүстік Қазақстан облысының шалғайда жатқан атамшылар кентінен шыққан жас палуан Шәріпбек Нұрбақыт ұлттық қазақша күрестен айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген отыр.

Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасының турнирінде Нұрбақыт өз салмақ категориясында І-орын, Шымкент қаласында өткен республикалық «Жас Барыс» турнирінде І-орын, Павлодар қаласында өткен республикалық «Жас Барыс» турнирінде 3-орынға ие болды. Осы жеңістер Нұрбақыттың Ресей Федерациясында өтетін күрестен Әлем чемпионатына қатысуына мүмкіндік беріп отыр.

Нұрбақыттың ата-анасы – Бакытнұр Бесінбаева, Ғани Өтегенов атам саласының қызметкерлері. Бірі – өндірістік сарапханада лаборант, бірі – бұрғылаушы. Жас палуанның осындай жетістікке жетуіне мүмкіндік жасаған «Қазато-мәнеркәсіп-Демееу» ЖШС мен «Степное-ПУ» мекемелеріне айтар алғысы шексіз.

Лариса НОВИКОВА



РЕЗИДЕНТ ЖӘНЕ ХАЛЫК
Республикалық қоғамдық-саяси газеті
Меншік иесі және шығарушы «Астана Медиа Пресс» ЖШС
Газет апта сайын, жұма күндері шығады

Бас директор – М. АХМЕТЖАН
Бас редактор – М. АХМЕТЖАН
ТОҚАШБАЕВ

Call center:
8 (727) 334-08-18

Газет 2011 жылы 1-сәуірде ҚР Байланыс және апарат министрлігінде қайта тіркелді, басылымды есепке қою туралы №11539-Г куәлігі берілген.


Одан бұрын газет 2005 жылы 6-маусымда Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы – №6040-Г куәлігі бойынша жұмыс істеді.

Барлық құқықтары қорғалған.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді редакция рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Жазылу индексі: 65001
ISSN 2072-6457
9 772072 645007

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет жарияланымдарындағы фактілер мен деректердің ақиқаттығына авторлар жауап береді.

Редакцияның мекенжайы: 050002 Алматы қаласы, Жібек Жолы көшесі, 50 (Зенков көшесі, 13), "Форум" бизнес орталығы, 2-қабат, 205-офис.
Тел/факс: 8 (727) 334-08-18.
E-mail: prezident.people@mail.ru m.tokashbaev@mail.ru



Газет «Дәуір» РТКЖ ЖШС басылым шықты.
Тапсырыс №3206
Мекенжайы: Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17 үй

Таралымы
11 570 дана.